

Құдайбергенов С.Е.

дінтану және мәдениеттану кафедрасының докторанты,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан, Алматы қ., e-mail: uly-juz-kanly@mail.ru

**МӘДЕНИ МҰРА ФЕНОМЕНІН ЗЕРТТЕУДЕГІ
ТЕОРИЯЛЫҚ-ӘДІСНАМАЛЫҚ КӨЗҚАРАС**

Мақаланың авторы мәдени мұраның феномені туралы теориялық-концептуалды және философиялық-әдіснамалық көзқарастарды талдайды. Отандық ғалымдардың мәдени мұра мәселелерін зерттеудің негізгі бағыттарын қарастырады. Мәдени мұра мәселесін зерттеудің мәнін және тарихын талдай отырып, автор осы мәселенің қазіргі заманғы интерпретациясы біртіндеп дамып келе жатқанын атап көрсетеді. Бастапқыда мәдени мұраның мәні ортақ мәдениет тұжырымдамасы шеңберінде қаралды, кейіннен батыстық философтар мәдени мұраның мәнін зерттеуге елеулі үлес қосты. Қазіргі заманғы тұжырымдамалық көзқарастарда мәдени мұра мәдени игілік объектісі ретінде анықталады. Мақалада автор мәдени мұра терминінің лексикалық-семантикалық талдауын жүргізеді. Автордың айтуы бойынша көптеген ресейлік және батыстық ғалымдар мәдени мұраның келесі түрлерін ажыратады: табиғи эстетикалық ерекшеліктері бар табиғи объектілер; халықтың әлеуметтік-мәдени тәжірибесі, мәдени нысандары мен құбылыстары. Автордың пікірі бойынша мәдени мұра мәселесін зерттеудің теориялық және әдіснамалық негізі аксиологиялық көзқарас болып табылады. Осы көзқарасқа сүйене отырып, автор келесі мәдени мұраның құрылымын ұсынады: мәдени құндылықтар, мәдени дәстүрлер, мәдени игілік. Мақалада автор мәдени мұраның компоненттерін сипаттайды және қазақ халқының мәдениетінің үлгісінде олардың рөлін анықтайды.

Түйін сөздер: мәдени мұра, құндылық, мәдени дәстүр, дәстүр, мәдени байлық, сабақтастық, қазақ мәдениеті.

Kudaibergenov S.

PhD student of the Chair of religious and cultural studies, Al-Farabi Kazakh national university,
Kazakhstan, Almaty, e-mail: uly-juz-kanly@mail.ru

**Theoretical and methodological approaches in the study
of the phenomenon of cultural heritage**

In the article the author analyzes the theoretical-conceptual and philosophical-methodological approaches to the phenomenon of cultural heritage. The author of the article considers the main directions of research of the problems of cultural heritage written by domestic scientists. Analyzing the essence and history of the problem of cultural heritage, the author notes that the modern interpretation of this problem was developing gradually. Firstly the essence of the cultural heritage was considered within the framework of the concept of a common culture, Western philosophers made a significant contribution to the study of the concept of cultural heritage. Cultural heritage has been defined as an object of cultural property in the modern conceptual approaches. In the article the author carries out a lexical-semantic analysis of the term "cultural heritage". In the view of author, many Russian and Western scientists distinguish the following types of cultural heritage: natural objects that have only aesthetic features; According to the author, the theoretical methodological basis for the study of cultural heritage's problem is axiological approach. Using this approach, the author proposes a framework of cultural heritage: cultural values, cultural traditions and cultural wealth. In the article the author gives a description of the components of the cultural heritage and determines their role on the example of Kazakh people's culture.

Key words: cultural heritage, value, cultural traditions, tradition, cultural wealth, continuity, Kazakh culture.

Кудайбергенов С.Е.

докторант кафедры религиоведения и культурологии, Казахский национальный университет
им. аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы, e-mail: uly-juz-kanly@mail.ru

Теоретико-методологические подходы в исследовании феномена культурного наследия

В статье автор проводит анализ теоретико-концептуальных и философско-методологических подходов феномена культурного наследия. Автор статьи рассматривает основные направления исследования отечественными учеными проблемы культурного наследия. Автор, анализируя сущность и историю формирования исследования проблемы культурного наследия, отмечает, что современная интерпретация данной проблемы складывалась постепенно. Первоначально сущность культурного наследия рассматривалась в рамках концепции общей культуры, существенный вклад в исследовании сущности культурного наследия внесли западные философы. В современных концептуальных подходах культурное наследие определяется как объект культурного достояния. В статье автором проводится лексико-семантический анализ термина «культурное наследие». По мнению автора, многие российские и западные ученые различают следующие типы культурного наследия: естественно-природные объекты, имеющие исключительно эстетические признаки; социокультурный опыт народа, культурные предметы и явления. По мнению автора, теоретико-методологическим основанием исследования проблемы культурного наследия является аксиологический подход. На основе этого подхода автор предлагает следующую структуру культурного наследия: культурные ценности, культурные традиции, культурное богатство. В статье автор дает характеристику составляющим компонентам культурного наследия и определяет их роль на примере культуры казахского народа.

Ключевые слова: культурное наследие, ценность, культурные традиции, традиция, культурное богатство, преемственность, казахская культура.

Кіріспе

Мәдени мұра – мемлекеттің баға жетпес құндылықтарының рухани, мәдени-элеуметтік қоры. Табиғат байлықтарымен қатар, ұлттың өзін-өзі сыйлау және әлемдік қауымдастықта мойындату үшін басты негіз болып табылады. Осылайша, мәдени мұра құндылықтары қазіргі қоғамда айрықша мәнге ие болып отыр. Сонымен бірге рухани саланы да қамтыған жаһандану үдерісімен байланысты. Осылайша, қазіргі қоғамдағы мәдени мұра ұлттық және мемлекеттік сана-сезімнің интеграциялық компоненті болып қалыптасады. Ол халықтың тарихи жадысын сақтап, қалпына келтіре отырып, жалпы оның адамзат мәдениетіндегі орнын объективті түрде қамтамасыз етеді. Бұл жағдайда азаматтық қасиеттерге ие тұлғаны қалыптастыру мен дамытуға бағытталған отаншылдық тәрбие берудің рөлі артады.

«Мәдени мұра» бағдарламасы бүгінгі қоғамдағы ұлттың өзіндік санасын жаңғыртушы күш болып табылатын ұлттық идеямен тығыз байланысты десек қателеспейміз. Осы тұрғыдан мәдениеттің саяси саладағы жетістіктері қажет. Тарихи-мәдени мұраны сақтап, насихаттау – маңызы бар мемлекеттік мәселе. Ұлттық идея – халықтың әрі жаны, әрі жады, әрі тілі, әрі тарихы іспеттес. Бағдарлама еліміздің мәдени

мұраларын сақтауға, пайдалануға және зерттеуге, үгіт-насихат, даму жалғастығы және тарихи-мәдени салт-дәстүрлерді қайта қалпына келтіру, мәдени мұраны зерттеудің тұтастай жүйесін құру іс-шаралары, оның ішінде қазіргі кезеңдегі ұлттық мәдениет, фольклор, салт-дәстүр және әдет-ғұрып, төл ұлтымыздың жазуы мен тарихымыздың ғасырлар бойғы тәжірибесін талдау, әр қырынан тарихи және ғылыми сериялар жасау, сонымен қатар тарихи және мәдени ескерткіштерді қайта өңдеу, қалпына келтіру және мұражайландыруға, мәдени мұраны зерттеуде ғылыми-зерттеу, материалдық-техникалық құрамдас мәселелерін нығайту және дамытуды зерттеуге байланысты негізгі аспектілерді анықтайды.

Мәдени мұра туралы өткен шақта да қазіргі кезде де айтуға болады. Қазіргі мәдениетте не сақтау керек, келесі ұрпаққа не қалдыру керектігі туралы да сөз қозғауға болды. Әр жаңа ұрпақ өмірге аяқ баса отырып, тарихты қайта бастамайды, керісінше аға ұрпақтың ісін одан әрі жалғастырады. Демек, адамның әрекетті олардың санасы мен еркіне тәуелсіз нақты бір жағдайда объективті шақтылықта болады. Алайда әр ұрпақ аға ұрпақтың жасағанын қайталай бермейді, ол өзінің жеке сұраныстары мен мүддесін, жеке мақсаттарын жүзеге асырады.

Мәдениеттің бір бөлігі ұрпақтан-ұрпаққа жеткізілетін әлеуметтік тәжірибені кіргізеді, ол арқылы мәдени әлеуметтік қажетті білімдері сақталады және жиналады, яғни қоғам әлеуметтік мәдени тұтастық, ал адам сол тұтастықтың өкілі ретінде шығады. Мәдениеттің дамуының әр жаңа кезеңдері диалектикалық принципіне сәйкес жаңа рухани құндылық жасауда қолданылады және алдыңғы дәуір жетістіктерін шығармашылықпен түсінеді. Адамзат тарихи даму үрдісінде бұрынғы бар мәдени үлгілерді шығармашылықпен дамытады, жаңа мәдени үлгілерді жасайды.

Мұра жадысында жинақталған және сақталған әлеуметтік маңызы зор білімді жүзеге асырудың көмегімен мәдениеттің бір кесіндісі өзіне әлеуметтік тәжірибенің ұрпақтан ұрпаққа берілу жүйесі енеді, яғни қоғамда әлеуметтік-мәдени біртұтас адамды осы біртұтастылықтың адекватты өкілі ретінде қабылдау жүреді. Диалектикалық ұстанымға сәйкес мәдениеттің әрбір жаңа даму кезеңі жаңа рухани құндылықтарды өткен кезеңнің жетістіктерін шығармашылық тұрғыдан зерттейді және пайдаланады. Тарихи даму үдерісінде адам бұрыннан бар мәдени үлгілерді шығармашылық тұрғыдан дамытады, қолданысқа жаңа мәдени түрлер енгізеді. Отандық ғалым Т. Ғабитов «Культурное наследие как теоретическая проблема» атты мақаласында «Мәдени мұра» мәселесі сан қырлы болып келеді. Алдымен мәселенің ұрпақтар сабақтастығы мен тарихи санаға тікелей қатысы бар екендігін ескерген жөн деп атап өтеді (Ғабитов: 2009, 122).

Мәдениеттану мамандығының PhD докторы Г. Шашаеваның «Қазақстандағы мәдени мұра құндылықтарын жүйелеу және оларды жоғары білім беруде жетілдіру» атты докторлық диссертациясында Мәдениеттанулық және антропологиялық әдістер арқылы кешенді зерттеудің теориялық-әдіснамалық алғышарттары ғылымның гуманитарлық саласын зерттейтін түрлі ғалымдардың шығармашылық еңбектері ескеріледі.

Дәстүр мен сабақтастық – мәдени мұраның қызметі мен таралуының қажетті шарттары болып табылады. Дей тұра дәстүр кей жағдайда мәдени мұраның синонимі ретінде қарастырылады. Дәстүр түсінігінің кеңеюіне орай, оны қайта түйсіну қажеттілігі туындады. Көнеден жаңа қоғамға мұраға берілгеннің барлығы жалғастық белгісіне жатпайды, демек түгел дерлік мұра қазіргі өмір мен мәдениет мазмұнының дәл мазмұнын бере алмайды.

Сабақтастық үрдісінің мәні – мәдени мұраның мазмұнына сыни тұрғыдан қарай отырып, өмірлік және мәдени әлемде қомақты және оңтайлы бейнелетін мазмұнды таңдау.

Қазақ халқы ұлт болып қалыптасқаннан бергі уақытында, өзінің тарихи аренаға шығуының қаншама жағымды әрі жағымсыз жайттарды басынан кешірді. Көптеген ғалымдардың еңбектеріне сүйенсек, осы асыл мұраларды, жалпыадамзаттық құндылықтарды ұрпақ бойына дарытып, білім беру ұйымдарынан бастау алған интеллектуалдық даму дәрежесіне жеткізу кейінгі буынды бәсекеге қабілетті тұлға қалыптастырумен тікелей байланысты екенін байқауға болады. Ал мәдени мұра құндылықтарын адамның рухани, мәдени жетілдіретін құрал ретінде енгізген сайын егемен еліміздің ертеңі айқын, болашағы жарқын болары сөзсіз.

Мақалада мәдени құндылықтардың мәні ұлттық біртұтастық халықтың өзіндік – әлеуметтік-мәдени құндылықтарын игеруін және сол тұрғыда өзін-өзі тануын, дүниетанымын қалыптастыруын және этникалық өзін-өзі түйсінуін, өмірлік ұстанымы мен қағидаларын, сондай-ақ рухани бағдарын белгілеуге негізделеді. Мәдени мұра құндылықтардың өміршеңдігі мен дамуының шарты болып адамның ұлттық біртұтастығын сақтауы табылады, өйткені бұл жағдайда құндылықтар ол үшін маңызды мәнге ие болып, тиісінше оларды ұрпақтарға сақтау мен жеткізу қамтамасыз етіледі.

Қазіргі өркениет мәдени мұраның биік қуатын, оны сақтау мен әлем экономикасының маңызды көзі ретінде тиімді қолданудың қажеттілігін түсінді. Мәдени құндылықтардың жойылуы орны толмас және қайта оралмас құбылыс. Мұраның кез келген түрінің жоғалуы қазіргі және келешектегі ұрпақ өмірінің барлық салаларында көрінетін болады және рухани жұтандыққа тарихи жадының үзілуіне, жалпы қоғамның тозуына апарып соғады.

Ұлттық дүниетаным мәдени мұраның жүйелік тұжырымдамалары негізінде қалыптасады. Бұл тұжырымдарды таратудың басты тәсілі – әр ұрпақтың мәдени құндылықтарды меңгеруі. Ұлттық дүниетаным бастаулары ортақ мәдениет, тіл, заңдылықтар, ұстанымдар, идеалдар, тәртіптер мен жалпы өмір суру ерекшелігі.

Мәдени мұра түсінігі аясында қоғамның барлық мәдени жетістіктері, әлеуметтік жадыда сақталған. Мәдени мұраның мағынасы мен құндылықтары жүзеге асуы үшін оның одан әрі дамуына әсер ететін маңызды фактор – ұрпақтар сабақтастығы.

Зерттеу жұмысының әдістемесі

Жұмыстың әдіснамалық негізі ретінде салыстырмалы, лексикалық-семантикалық, аксиологиялық талдау әдістері қолданылады. Зерттеу процесі барысында тарихи және логикалық принциптерге негізделген.

Нәтижелері және талқылау

Бүгінгі таңда ғылыми дискурстарда мәдени мұра оның қалыптасу даму критерийлеріне нақты анықтама берілмеген. Гуманитарлық білім өкілдері мәдени мұраны қоғамдық тәжірибеге енетін уақыттық маңызы бар құндылықтар мәселесі контекстінде қарастырады, сол арқылы мәдени мұраға императивтік сипаттама береді. Өткен кезеңнің мәдени құндылықтарын зерттеу және сараптау оларға мәдениеттің жетістіктерін іздестіру мен қайта қалпына келтіргенде ғана қазіргі өмірдің мағынасын оның ары қарай даму бағыттарын айқындауға мүмкіндік береді.

Мұра тұжырымдамасы үш еселенген кеңейтілім үдерісімен сипатталды: мұраның дәстүрлі, хронологиялық және географиялық тұжырымдамасына жатпайтын типологиялық-тақырыптық жағынан мәдени мұра түсінігіндегі мәдени мұра ескерткішпен шектеліп қоймай, сонымен бірге оның контекстінде мұраға қатысты интеграциялық көзқарастың пайда болғанын аңғарамыз. Осы түсініктің қалыптасуына орай мәдени критерийлері өзгерді: бастапқыда тарихи және көркемдік құндылықтар жалғыз параметр болып табылса, енді мәдени құндылық, оның өзіндік құндылығы және нысанның жадымен өзара әрекеттесу қабілетін қазіргі кездегі мәнін аша түскендей. Нақты нормативтік көзқараста, объективті және жүйелі сипатта – объектінің мәдени мұрасын тану оның тізімге енгізілуіне байланысты болды – біреуі белгілі бір құндылықтарды тудыруға қабілетті объектінің мүмкіндіктеріне негізделген неғұрлым шектеулі тәсілге бұл қоғамды оны мұра деп есептеуге және осылайша, оның материалдық аспектісі негізінде мұра бұдан әрі анықталмаған тағы бір кадамға алып келді (Greffé: 1990, 29).

Мәдени мұра мәселесін зерттеу барысында тарихи-мәдени көзқарастарды атап өткеніміз жөн. Тарихи-мәдени көзқарасқа сәйкес, мәдени мұра тұжырымдамасын мәдениет түсінігінің қалыптастыру тарихымен тығыз байланыста қарастыру керек. Мәселені тарихи-мәдени дәстүр өкілдері тұрғысынан қарастырамыз. Мәдениет және мәдени мұра түсінігі және ол

туралы түсініктер әр түрлі антикалық мектептер мен Батыстық орта ғасыр кезеңдерінде қарастырылды. Мәдени мұраның бұл атрибутикалық ерекшеліктеріне сараптама жасамас бұрын алдымен «мәдениет» түсінігіне тарихи талдау жасау қажет, себебі мәдениеттің даму үрдісінде зерттеудің негізгі нысаны болып табылатын мәдени мұра қалыптасады. Батыс Еуропалық дәстүрлер аясында мәдениет туралы алғашқы ой ежелгі грек көзқарасынан алынған, онда мәдениет табиғаттан берілген сый ретінде қарастырылған.

Грек философтары табиғат – «фюсис» және «космос» ұғымдарының айырмашылықтарын анықтады. «Пайдея» грек термині тәрбиелеу, оқыту, кең мағынасында мәдениет, білімділік, ағартушылық ұғымдарына түсінік береді. Гректік «пайдейяның» негізгі құндылықтары мәдениет контекстінде нормалар мен үлгілер ретінде қалыптасады. Құндылықтармен идеяларды ұғыну грек мәдениетінің идеясында іргетастық маңызды мағына береді (Драч: 2006, 336). Грек философтары мәдениетті табиғаттан бөлек қалыптастырып қоймай, олар «табиғат бойынша» түсінігі тұлғаның еркіндігі мен өзін-өзі анықтауына негізделген мүмкіндіктерді теориялық тұрғыдан түсіндірді. Мәдениет пайдейя ретінде адамды табиғаттан алшақтатпайды. Оның табиғат әлемімен үйлесімділікте және жеке сұраныстарымен өмір сүруге мүмкіндік береді. Ежелгі грек философы Платон «4 томдық шығармалар жинағында» заттардың, дене түрлерінің рухани үлгілерінің өмір сүре бастауына мағыналық жағы қарастырылады. Платон идеалдық мәдениет түрлерінің жалпы маңыздылығын ерекше ескереді. Платонның анықтамасы бойынша пайдейя адамзат дамуының идеялық түріне сәйкес адамның өзгеруіне жетекшілік ету (Платон: 1999, 832).

Пайдейя терминін талдайтын болсақ, неміс белгілі ғалымы В. Йегер «Воспитание античного грека» еңбегінде гректердің – «пайдейя» термині екі мағынада: біріншісі тікелей тәрбиелеу, үйрену, ал екіншісі білімді, білімділікті ағартушылықты, мәдениетті анықтайды. Олар адамдарды белгілі кәсіби емес, керісінше тұлға етіп айқындалған құндылықты қалыптастырды. Бұл адамға қарай бағытталғандықтан өзі мәдениет түсінігінің антикалық ауыспайтын гуманистік маңызын құрайды және негізінде мәдени жағдайлардың мақсатын шығаратын адам идеалы бар – деп сипаттайды. (Йегер: 2001, 393). Мәдениеттің мақсаты мынада болды: адамның ойлау

қабілетін, эстетикалық сезімнің әдемілігін дамытып, адамның іс-әрекетінде сезімділік өлшемі мен әділеттілікті қарастыруға жол ашу. Бұл жағдайда антикалық адам табиғатпен біртұтас екендігін жоғалтқан жоқ. Табиғат өзі қанатының астына құдайлар мен адамдарды ала отырып, ғарыштың айрылмас негізгі бөлігі болып қала береді. Мәдениетке дәл осылай келу оның аса терең мағыналы екендігін, сонымен қатар оның әлеуметтік бойына даруын, қоғамның өмірімен біте қайнасуы, оның тек ғана адам баласының тегіне тән екендігін көрсетеді.

Мәдени мұра мәселесін антикалық философтардың еңбектеріндегі түсініктерді қорытындылай келе, айта кету керек, мәдениет – бұл адамның ақылы, таланты, еңбек таңбалары бар бізді қоршаған заттар мен құбылыстар әлемі. Бұл – өзінен өзін туындататын табиғаттан айырмашылығы бар адамдар әлемі. Оның әртүрлі анықтамалары мәдениеттің түрлі сферасын сипаттайды. Яғни мәдениет – бұл адамзаттың жасаған дүниесі.

Антикалық философтардан айырмашылығы, ортағасырлық теологтар мәдени мұра мәселесін Құдайдың жаратылуымен тығыз байланыста қарастырады. Егер антикалық философтар үшін мәдениет пен мәдени мұра түсінігі адам еңбегімен, іс-әрекетімен және оның қызметімен байланысты түсіндірілген болса, ал ортағасырлық теологтарда басқаша, яғни адам дүниеге келмей тұрып т.б. оның іс-әрекеттері, қылықтары құдайдың ерік-жігерімен белгіленіп қойған. Ол белгі игілікке (адам оған лайықты болмаса да), немесе азаптарға (жазықсыз болса да) бағытталған болуы мүмкін – деген тұжырым жасалған. А. Августиннің «О граде Божьем» еңбегінде атап көрсеткендей, орта ғасырлар кезеңінде мәдениет сөзінен бұрын, адамның құдайға деген сүйіспеншілігін ашу мүмкіндіктерін түсіндіретін «культ» сөзі қолданылған. Мәдениет рухани фактор, құдайлармен арақашықтық ретінде қабылданды. Яғни адамзат баласына жоғарыдан «Құдайдың бергені» рухани құндылық, сақтаушы мен жаратушының қолында екені білінеді (Августин: 2000, 1296). Христиандық діни ілімді Аристотельдің философиясымен байланыстырған, шіркеудің алғашқы схоластикалық ұстазы, теолог-философ Ф. Аквинский Құдайдың арқасында қосылған алғашқы бастамалар – форма мен материя – жеке заттар әлемін тудырады. Адамның өзі де жан мен дененің қосындысынан пайда болған. Жан «таза форма» ретінде күйреуі, жоғалуы мүмкін емес.

Бірақ ол жерде тіршілік пайда болғанға дейін жеке өмір сүрмеген, оны құдай жаратқан деген ойды айтқан.

А. Августин адамгершілік және этикалық бағдарларды көрсетіп, замандастарына және барлық келесі философияларға орасан зор ықпал етті. Адамның құндылығы оның басқа адамдарға деген махаббатының дәрежесімен айқындалады. Ойшылдың сөзімен айтқанда, адамды сүй, сол кезде қалағаныңның бәрін істе. Өз атымыздан қосарымыз: сүйетін адам жамандыққа бармайды, ол тек әлемдегі жақсылықтың және әсемдіктің санын арттырады. Ортағасырлық философияның көптеген идеяларымен келіспей, өзіндік пікір айтып, таным процесінде тәжірибенің беделін көтерген ойшылдардың бірі Р. Бэкон болған. Ол табиғаттану ғылымдарын теологиядан бөлу керектігін уағыздап, «ғылымдар ғимаратының іргетасы – тәжірибе деп есептеді. Себебі тәжірибе – тәжірибе болғандықтан құндылыққа ие» (Литвинова, Бэкон: 1891, 82). Егер антикалық философтар мәдениет пен мәдени мұра мәселесін зерттеуде терминнің өзіне назарын салса, ортағасырлық теологтар барлық нәрсені жаратушысы Құдайдың рөліне көп ден қойған.

Адамдардың өмірі мен іс-әрекеттері тікелей бағынышты табиғат заңдылықтарын танып-білуде барлық ғылымдарға тән әмбебаптық тәсілдің маңызы зор деп есептелініп, сондай әмбебаптылық тәсіл ретінде көбінесе логикалық ойға және тәжірибеге сүйенген математикалық, кейінірек механикалық тәсіл ұсынылды. Қайта Өрлеу кезеңі философиясының гуманистік сарында болуына католиктік шіркеудің рухани қыспағынан құтылуға ұмытылған адамдардың еркіндік, бостандық туралы идеялары ықпал жасады. Қайта өрлеу кезеңінде философия мәдениеттің жан-жақты тұлғалық қалыптасу үрдісі ретінде түсіндірілді. Антикалық көзқарас бойынша мәдениет адамның үйлесімді және жаңғырған дамуға ұмтылуда белсенді шығармашылық бастама ретінде қарастырылды. Француз ойшылы Ж. Руссоның трактаттарында көрсетілгендей, XVI ғасырдың басында «cultura» сөзінің алғашқы мағынасы кеңейіп және мәдени философиялық интенциялар ақылды өндеуге ауысуына байланысты мәдениеттің құнды кодтарына зерттеу басталады. Осылайша, антика ортағасыр қайта өрлеу дәуіріндегі түсінік келесі тарихи даму кезеңіндегі мәдени мұра түсінігінің қалыптасуына негіз болды (Руссо: 1969, 664).

Қайта өрлеу дәуірі ойшылдарының мәдениетке және мәдени мұра мәселесіне қосқан үлесі ретінде айтуға болады, ол кезеңде гу-

манизм тиянақты идеялық қозғалыс ретінде қалыптасты. Бұл гуманизм феодализмге және ортағасырлық теологиялық көзқарастарына қарсы пікірлермен тығыз байланыста болды. Гуманистер адам бостандығын жариялады, діни аскетизмге қарсы, адам ләззаты мен өз мұқтаждарын қанағаттандыру хұқы жолында күресті. Мәдениет және мәдени мұра ұғымдарын талдай келе, қайта өрлеу дәуірінің философтары антика философиясындағы гуманистік дәстүрді, ортағасырлық шығыс мәдениетінің алдыңғы қатарлы ойларын өз заманының талап тілегінің қажетіне жаратып, жаңа заман ғылыми көзқарасының қалыптасуына зор ықпал етті.

Неміс философиясы – философиялық ойдың бұл ірі де ықпалды ағымы – Жаңа дәуір мен ағартушылықтың нәтижелерінің қорытындысы, тұрақты маңызы бар шығармашылық қызметтің шыңы іспетті, негізгі ерекшелігі – рухани тіршілік иесі ретінде адамның қоршаған дүниені өзгертуге қабілетті екеніне және оған қоса, соны істеуге тиіс екеніне сенді.

Мәдени мұра мен мәдениет мәселесін зерттеуде гносеологиялық көзқарасты И. Кант ұсынады, оның ойынша дүниенің негізі «ақиқат», «қайырымдылық», «сұлулық» деп есептейтін идеяны қолдай отырып, мәдениет ұғымын моральдық тұрғыдан басқаша қарастыруға әрекет жасады. Болмыстың адамгершілік (моральдық) жағына ерекше мән бере отырып, ол мәдениетті адамды айуандардан айыруға мүмкіндік беретін құдайдың адамға берген ерекше қабілеті деп қарастырып, адам бойындағы қайырымдылық пен ізгілік қасиеттер – біздің мол мұрамыз деп атап көрсетеді. Себебі, оның ілімінің маңыздылығы – оның мәдениетті гуманистік тұрғыдан түсінуі. Айта кету керек мәдени мұра мәселесін зерттеуге И. Кант 8 томдық «Шығармалары жинағында», мәдениетке мағына беретін ұстанымдарын трансцендентальдық құндылықтар саласынан іздеді. И. Канттың ойынша, мәдени мұра және мәдениет дегеніміз адамдағы адамдықтың шексіз дамуы, ол кез келген шығармашылық тұлғаның мақсаты мен міндеті болып табылады. Мәдени мұраның негізгі элементі құндылықтар болады. Ол жайлы айтқанда, былай пайымдайды, құндылық бұл тек ізгілікке тән қасиет және аксиологиялық баға тек мәдениет құбылыстарына қатысты айтылады. Жалпы адамзаттың рухани мәдениетінің және мәдени мұраның ерекшеліктерін, мән-мағынасын трансцендентальдық құндылықтар деп тұжырымдалады (Кант: 1994, 534).

Г. Гегель мәдениетті, сондай-ақ мәдени мұраны зерттеудегі құнды жетістігі бұл жүйені ашып көрсету барысында әзірленген танымның диалектикалық әдісі болып табылады. Сол тұрғыдан алғанда, табиғат, тарих, рухани өмірді ол үдеріс, яғни тоқтаусыз қозғалыс, өзгеріс, жаңа негізде қайтадан жаңару, ішкі қайшылықтарды жеңу арқылы даму деп қарайды. Мұндай көзқарас танымның жаңа теориясын туғыза отырып, диалектикалық ілімді мүлдем жаңа деңгейге көтерді. Мәдени мұраға көзқарас ретінде өздерінің күнделікті өмірлерінде адамдар заттарға, қоршаған дүниенің құбылыстарына талдау жасайды және бөлшектегендей етіп, оларды бір-бірлерінен ажыратуға тырысады. Бұл таным үдерісінде де, адамдардың іс жүзіндегі өмірінде де қажет. Гегельдің философияның дамуына қосқан баға жетпес үлесін көпшілік дәл осыдан көреді.

Мәдени мұра мәселесіне диалектикалық-идеалистік көзқарасты ұсынған Гегель сабақтастық және мәдени мұра түсініктерін анықтауда ерекше орын алған тұлға. Қоғамның даму үрдісінде сабақтастық ұстанымдарын жүзеге асыру қажеттілігін қалыптастырады. Гегель «2 томдық шығармалар» жинағында «сұранысқа ие емес мәдениет бөлшектерін жоғалту – сабақтастықтың заңдылығы» деген тұжырым айтқан (Гегель Г.: 1974, 452). Яғни диалектикалық терістеу дегеніміз – тек бұрынғыны жою, құлату емес, алдыңғы даму сатыларында жеткен рационалдық жетістіктерді сақтау, дамыту. Г. Гегельдің еңбектерінде сабақтастық даму үрдісіндегі ескі мен жаңа арасындағы қажетті байланыс, терістеуді терістеу диалектикалық заңының негізгі мәнін ашатын сипат ретінде көрініс табады.

Айта кетсек, метафизикадан диалектиканың ерекшелігі, ол табиғатты мәдениетті, қоғамды ойлауды ұдайы үздіксіз даму барысында зерттеуде. Диалектикалық тұрғыдан теріске шығару түсінігі бұрынғыны жою емес, алдыңғы сатыларда жеткен жетістіктерді сақтап одан әрі дамыту, онсыз танымда да болмыста да алдыға даму жоқ. Сабақтастық туралы пікірлері Г. Гегельді мәдени мұра категориясы туралы ойлауға әкеледі. Оның пікірінше, қазіргіге тән саналы ой қазіргі заманның ерекшеліктеріне сәйкес туындаған жоқ, керісінше мәнді белгісі оның мәдени мұра болып табылатындығында, нақтылай айтқанда адамзаттың алдыңғы ұрпақтарының еңбектерінің нәтижесі. Г. Гегель «Лекции по истории философии» еңбегінде мәдени мұрагерлік жайлы былай дейді: «есть

одновременно и получение наследства, вступление во владение этим наследством» (Гегель: 1993, 108). Осы орайда неміс философы мәдени мұраны ұрпақтардың әрбір ұрпақтардың жаны дейді, оның байлықтары мен ұстанымдары, қалыптасқан субстанция ретінде қарастырады. Гегельдің тұжырымы бойынша, мәдени мұраны, оның мұрагерлікке қабылдайтын ұрпақтарының рухымен күшейеді, сонымен байланысты ол мәдениеттің дамуының негізгі заңы қалыптастырады – таралатын мәдени мұра өзгеріске түседі, осы өзгеріс барысында молаяды және сонымен қатар сақталады. Осылайша Г. Гегельдің еңбектерінде мәдениеттің дамуы мен мәдени мұраның таралуындағы сабақтастық ұстанымының жүзеге асырылуы ұрпақтан ұрпаққа ешбір өзгеріссіз жеткізе салмай, дамыған түрде жеткізілу туралы ойы айтылады.

Неміс философиясында мәдени мұраны ұрпақтың шығармашылық күшіне әсер ететін интеллектуалдық, көркем немесе рухани іс-әрекеттің өнімі ретінде қарастырылды. Өз еңбегі арқылы И. Гердер мен Г. Гегельдің мәдени философиялық пайымдары көбінесе мәдениет философиясының кезекті даму кезеңдерінде мәдени мұра мәселелерін түсінуге шексіз үлес қосқанын байқаймыз. «Мәдени мұра» категориясын жиі қолданылуына қарамастан оның мазмұны нақты айқындалмаған. Сонымен бірге, мәдени мұраны зерттеу терең философиялық дәстүрге ие, мәдени мұраның құбылыс ретінде өмір сүруі, оның таралуы «дәстүр мен сабақтастық» түсініктерінсіз жүзеге аспайтындықтан бұл категориялар тығыз байланыста қарастырылады. Олар біздің түсінігімізде мәдени мұра ұғымына – жаңа тұжырымдамалық көзқарас қалыптасты, рухани дамудың тарихын зерттеді, адамның пайымы мен ақылының арасындағы қарама-қайшылықты, шындық пен азаттықтың, әсемдік пен жақсылықтың құндылықтық кеңістігін көрсете алды. Гегельдің методологиялық көзқарасының И. Канттан айырмашылығы – Кант адамды ең жоғарғы құндылық деп жарияласа, ал Гегельдің философиясында адам құрал, яғни дара идеяны танып білудің құралы болып табылады.

Бұл көзқарастың мәніне алғаш рет неміс ойшылы И. Гердер көңілін аударады, ол өзінің «Идеи философии истории человечества» еңбегінде «мәдениет адамның негізгі мәнін ашатын құрал мәдениет арқылы ол өзінің өмірлік кеңістігін жасайды. Оның айтуынша «мәдениет адамның мүмкіншіліктерінің бірлігі» (Гердер: 1977, 37). И. Гердер басты назарды мәдениеттің

маңызды ерекшелігі ретінде сабақтастыққа аударады. Сабақтастық механизмдері арқылы адамзат әлеуметтік мәдени тәжірибені ұрпақтан ұрпаққа жеткізеді, қазіргі кезде маңызды болып табылатын мәдениеттің элементтерін қабылдайды. И. Гердердің ойынша мәдениеттің өміршендігі және оның тарихи таралуы тіл мен дәстүрдің арқасында жүзеге асады. Неміс ойшылының пікірінше дәстүр өзгермейтін дүние емес, керісінше дәстүр өзгермелі және жана ұрпақтың көмегімен дамиды.

Ресейлік ғалымдар мәдени мұра мәселесін талдауда маңызды үлес қосты. Неміс философтарынан айырмашылығы олар мәдени мұраның морфологиясына назар аударды. Орыс ғалымдары назарын салған морфологиялық көзқарас мәдени мұраның құрылымын анықтауға мүмкіндік берді. Мәселен орыс әдебиет сыншысы В. Белинскийдің мына тұжырымынан анығырақ байқауға болады: «... барлық қауымға бірдей түсінікті тілі жоқ халық болады деу қиын; тек өзіне ғана тән айрықша дәстүрлері жоқ халық болды деу одан да қиын. Бұл салт-дәстүрлерді елдің табиғатына қарай киілген киім-кешектен көруге болады, түбірлі халықтың нанымында, сенімінде және жалпы ұғымында жататыны отбасындағы көне қоғамдағы өмірінің түрлі формаларынан көруге болады...» (Белинский: 1977, 500).

Сондай-ақ, Ресей ойшылдары мәдени мұраның дәстүрлер мәселесін тарихи философиялық дискурс шеңберінде қарастырады. П. Милуков мәдени мұра мазмұны мен мәнін анықтауда «дәстүр» категориясына сүйенеді. Дәстүр өткен мен бүгінгінің шынайы байланысы ретінде қарастырылады. П. Милуковтың пікіріне сәйкес, «мәдени мұра – халықтық құндылықтардың негізгі шоғырланған жүйе ретінде көрініс табады, ал дәстүрдің қалыптасып таралуының негізгі қағидасы мәдени мұраның өмір сүруін қамтамасыз етуші сабақтастық болып табылады. «Мұндай байланыс шарты бір мақсатқа бағытталған сананың үзілмеуі» (Артемьева: 1997, 40).

Мәдени мұра мәселелерін зерттеушілердің бірі Ю. Веденин «Современные проблемы сохранения наследия» мақаласында мұра мәселесіне: «ата-бабаламыздың жасап берген және ұрпақтан ұрпаққа жалғасып келген жердің табиғи және мәдени мұраларын сақтап және дамуына әсер ететін материалдық және интеллектуалдық рухани құндылықтар» (Веденин: 1997, 9). Мәдени мұра географиялық көзқарас арқылы, оның ең маңызды ерекшелігі Жер бетінде орналасқан

объектілердің аумақтық және күрделілігін зерттеуге бағытталған. В. Тойдис «Лекции по культурологии» еңбегінде мәдени мұраны былайша анықтайды: «қоғамға өткеннен берілетін және оның мәдени өмірінің негізгі бөлімі ретінде қызмет атқаратын мәдени байлық (Тойдис: 2006, 256). Э. Баллер «Социалистический прогресс и культурное наследие» еңбегінде – мәдени мұраның өте маңызды белгісін көрсетеді, ол мәдени мұраның қазіргі өмір сүру кезеңінде сұранысқа ие және маңызды мәселе болып табылатындығы, басқаша айтқанда ол тек мұражайлық маңызы бар нәрсе емес, қазіргі өмірге қажетті қызмет ететін негізгі бөлшек элемент ретінде қарастырады (Баллер: 1969, 270).

Осылайша, морфологиялық көзқарас мәдени мұра мәселесін дамытуға маңызды үлес қосты. Морфологиялық көзқарас үлгісінде, ғалымдар мәдени мұраның негізгі нысанын анықтауға, сондай-ақ оның негізгі құрамдас бөлігін ерекшеліп алуға мүмкіндік алды.

Біздің ойымызша, мәдени мұра мәселесін жете зерттеуге лексикалық-семантикалық көзқарастың маңыздылығы жоғары болды. XX ғасырдан бастап лексика-семантикалық зерттеулер мәдени-философиялық талдап, қорытынды жасау деңгейіне жетіп, мәдени мұра мәселесін зерттеу үшін жана көкжиектер ашылды. Осы ұстанымнан мәдени мұра құрылымында символдық белгілер анықталды. Ю. Лотман осы қырынан дамытуға баға жетпес үлес қосты. Лотманның айтуынша, мәдениет пен мәдени мұраны арнайы ұжымдық жады деп санауға болады, онда оның әрқайсысы әр элемент нақты мәдени кеңістікте әлем бейнесін шығарады.

Ресейлік әдебиеттанушы, мәдениеттанушы және семиотик Ю. Лотман: «Құрылымдық тұрғыда әрбір мәдени дәстүрді – мәтін ретінде қарастыруға болады (белгілі бір тілді білдіретін), ал жаңа ортодоксияда – мәтінді оқудың әлеуетіне ие, яғни семантикалық және тиісінше аксиологиялық интерпретациясына ие». (Лотман: 2015, 62).

Мәдени мұраны сақтау мен жеткізуде әлеуметтік жадының маңызына П. Флоренский назараударды. Ол жадының шығармашылықтың символы ретінде анықтайды. Ол «Столл и утверждение истины» еңбегінде «Помещаемые в прошедшее, эти символы, в плоскости эмпирии, именуются воспоминаниями; относимые к настоящему, они называются воображением, а располагаемые в будущем считаются предвидением и предведением» (Флоренский: 1990, 202). П. Флоренскийдің пікірінше мәдениеттің

мәні – мәдени құндылықтарды есте сақтау мен өткеннің құндылықтарын жоғалтуды білдіретін ұмытумен күресте жатыр (Флоренский: 1990, 202).

Мәдени мұраны лексикалық және семантикалық түсіну тұрғысынан ресейлік ғалым К. Хоруженко маңызды үлес қосты.

Мәдени мұра мәселесін лексикалық семантика жағынан зерттеушілердің бірі К. Хоруженко, «Мәдениеттану: Энциклопедиялық сөздігінде: «мәдени мұра» дегеніміз – адамзаттың рухани тәжірибесін бекіту, сақтау және таратуының бір түрі болып табылады дей келе, мәдени мұраның келесі құрылымын атайды: тіл, дәстүр, салт, әдет-ғұрып, сонымен қатар ауыз мұражайлар, мұрағаттар және кітапхана қоры, қолжазбалар және тарихтың маңызды жетістіктері деп атап көрсетеді (Хоруженко: 1997, 456). К. Хоруженко «Мәдени мұраның құрылымы тіл десе», «тіл – қоғам мүшелерінің бәріне бірдей дәрежеде міндетті, өзара байланысты таңбалардың жүйесі» деп атап өткен Ф. Соссюр. (Соссюр: 1977, 69). Кімде-кім тілдің шынайы болмысын анықтағысы келсе, ең алдымен оның өзі тәріздес жүйелердің арасындағы ортақ нәрселерге назар бөлуі керек; ал бір қарағанда маңызды болып көрінетін көптеген лингвистикалық факторларды (мысалы, сөйлеу мүшелерінің қызметін) екінші кезекте қарастыру қажет.

Отандық ғалым, белгілі философ Б. Нұржанов: «Тіл – бастапқыда тарихи деректің көмегімен тарихи шындыққа көзқарас құралы ретінде анықтайды, бұл жерде сұрақ «тарихи дерек дегеніміз – керісінше оқиғалар мен жайттар әрдайым пікірталастар мен түсіндірмелердің тақырыбы» (Нуржанов 1994, 62) – дегенді айтады. Демек ғалымның айтпақ ойы тарихи тіл тарихи дерек көмегімен тарихи шындыққа көзқарас құралы болса, онда, мәдени мұраның келесі құрылымына тілдің жатқызылуы да заңдылық.

Аксиологиялық көзқарас ретінде, дәстүр – мәдени мұраның құрылымы ретінде келіп, дәстүрдің маңыздылығына отандық көптеген ғалымдардың назарын аударған. Дәстүр прогресстің қызметтік механизмі ретінде түсінілген, електен өткен өзінің ұрпақтарына барлық құнды деп саналатын түрлі мәдени материалдарды сақтау деп қарастырылған. Г. Исаенконың айтуынша өткеннің ғылыми теорияларындағы оң істер болашақ ғылымды дамытуда өз мәнін жоғалтпайды (Исаенко: 1993, 212). Мәселен, «ұлттық энциклопедияда» мынадай анықтама берілген: «Дәстүр – белгілі бір ұлттың немесе халықты ұрпақтан ұрпаққа

беріліп отыратын, тарихи қалыптасқан, олардың әлеуметтік ортасында ұзақ уақыт бойы сақталып отырған әлеуметтік мәдени құндылықтар жиынтығы. Дәстүр өз ішінде қоғамдық басқару жүйесін, әлеуметтік қарым-қатынастарын пішімдерін, шаруашылық жүргізу тәсілін, әлеуметтік мұра нысандарын /материалдық және рухани құндылықтарды, оларды ұрпақтан-ұрпаққа қалдыру үрдістері мен тәсілдерін қамтиды. Белгілі бір қоғамдық тәртіптер, мінез-құлық нормалары, құндылықтар, идеялар» (Аяған: 2006, 704).

Дәстүр – әдетке сіңген салт-дәстүр, ғұрып, мирас. Дәстүр, берілу немесе қалдыру, мұра. Осы берілудің қасиеттері мен сипаттары күрделі қоғамдық құбылысты дәстүр деген ұғымды туғызады, дәстүр ұрпақтан-ұрпаққа ауысып отыратын әдет-ғұрып. Ертеден ұзақ уақыт ұлт бойына қалыптасып, сіңіп кеткен салт-сана, дағдылар – ол қоғамдық ойдың дәстүрдің жиынтығы» (Қайымова: 1976, 695) – деп түсіндіріледі қазақ тілі сөздігінде. Отандық ғалым С. Қалиевтің айтуынша «дәстүр» дегеніміз – халықтың кәсібіне сенім нанымына тіршілігіне байланысты қалыптасқан қоғамдық құбылыс» (Қалиев: 1994, 251).

Әр елдің өзіне тән әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері бар. Оларды екі ауыз сөзбен халықтың келбеті, тәрбиелік ережесі деуге болатын сияқты. Философиялық жағынан алып қарағанда, салт-дәстүр ұлттық өзгешелікті аңғартып, ұлттық мінезді білдірсе де, ол екінші ұлт өкілі түсініп білмейтін категория емес екені анық. Олай болса біздің түсінігімізде, мәдени мұрада маңызды орын алатын ол – мәдени дәстүр. Мәдени дәстүр – бұл ұзақ тарихи кезең бойы сақталатын рухани, мәдени мұраның элементі. Мәдени дәстүр тұрғысында отандық ғалым А. Айталының тұжырымы – «Мәдени дәстүрдің алтын арқауы – мәдени мұра құндылықтарының толыққанды ақиқатын айқындау және тарату болып табылады. «Ұлттық идея» дегеніміздің өзі – этностың әлеуметтік – тұтастығын сақтап, ұлттық күшқайратына сенімін күшейтетін ұмтылыс пен ісқимылдың маңызды құралы» – дейді. (Айталы: 2003, 133).

Тұжырым жасайтын болсақ, мәдени дәстүр мәдени мұраның құрылымы ретінде – кейінгі ұрпаққа моральдық, этикалық құндылықтарды жинақтаушы, ұлттық ерекшелікті сақтаушы құралы ретінде шыға келеді. Мойындауымыз керек бұл міндетті өзіндік ерекшелікті сақтамай кәсіби білім беру жүйемізді жетілдіре алмаймыз. Бір жағынан кәсіби жоғары білім – бүгінде мәдениетіміздің құрылымдық маңызды факторы, ал бір жағынан – ұлттық

дәстүрімізді өзіндік ерекшелігін көрсететін формасы, әлеуметтік тәжірибенің, мәдени-тарихи жадының, ұлттық мінез бен халықтың ділдік ерекшелігін анықтаушы фактор екенін айтуымыз керек. Ал түптеп келген мұның барлығы мәдени мұрамызды қалыптастырушы негіз болады. Біздің пікірімізше аксиологиялық тұрғыдан елімізде жүріп жатқан жаңару үдерісі өткен тарихымызды объективті тұрғыдан дұрыс бағалауға қолайлы жағдай жасауда. Ата-бабаларымыздың қалдырған мұралары негізінде елжандылыққа, өз халқына деген сүйіспеншілікке, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетіне, еңбек сүйгіштікке, адалдыққа, кішіпейілдікке, елінің мүддесін өзінің мүддесінен жоғары қою сияқты қасиеттерге тәрбиелеу міндеті басты назарда тұрғандығы белгілі.

Салыстырмалы түрде мәдени мұра мәселесі тұрғысынан әр кезеңді қорытындыласақ:

1. Антикалық ғалымдардың мәдениет тұжырымдамасын айта келгендегі түпкі мәні адамзаттың жасаған дүниесі – біздің мәдени мұрамыз, ол дегеніміз адамдар өздерін қоршаған ортаға, оның әлеуметтік және мәдени қатынасына әсер етеді, өзгертеді. Олар оны өз мақсатына пайдаланады. Болашақ қоғамға, ұрпаққа мұра етіп қалдырады, ал ол мұра белгілі жағдайда үнемі дамуда болады.

2. Ортағасырлық кезеңде ол антикалық және жана заман арасындағы дәнекер болды; көптеген жана салаларға бөлінуіне жағдай жасады; тарихи процесті түсінуге қызығушылық туғызды.

3. «Қайта жаңғыру» (Ренессанс) мәдениеті тек ежелгі мәдениетке, мирасқорлыққа ұмытылған өркениет мұраларының игі дәстүрлерін қайта жандандыру, өткен үлгілерді қайталау ғана емес, қайта сол көне және кейінгі рухани қорлар тоғысынан қуат алып, тыңнан бой түзеу, гүлдену кезеңі болды.

4. Неміс ғалымдарында мәдениет пен мәдени мұраны тек позитивті коннотация беретін құбылыс ретінде қарастырылады.

5. Ресейлік ғалымдардың еңбегінде «Нағыз ұлттық дәстүр бұл ұрпақтардың шынайы байланысы, онда өзінің культі, өзіндік белгісі ұрпақтан ұрпаққа жалғасатын қасиетті мұралары бар. Дәстүрлер ұлттың ең қымбат мұрасы ретінде ұрпақтан ұрпаққа беріледі.

6. Отандық ғалымдар көбіне онтологиялық (болмыс) және гносеологиялық (дүниетаным) мәселелерден гөрі адам мәселесіне көбірек көңіл бөлген, адамның нақтылы өмірдегі жүріс-тұрысын сараптауға, яғни практикалық мәселелерге көбірек көңіл бөлді.

Мәдениет қоғамда алдыңғы буындар тәжірибесін тасымалдау құралы ғана емес, сонымен қатар, адамдар өздерінің іс-әрекеттерінің саналы айқындалған мақсаттарымен байланыстыратын болашақтың үлгісі ретінде орын алады.

Осы мәселеге байланысты алғашқы халықаралық деңгейде маңызы бар құжат тек Екінші дүниежүзілік соғыстан (1939-1945 жж.) кейін қабылданды. Ол – қарулы қақтығыс жағдайында мәдени құндылықтарды қорғау туралы Гаага конвенциясы. Ол 1954 жылы 14 наурызда Гаага қаласында (Нидерланды) өткен конференцияда қабылданған болатын (Полякова: 1997, 24). Бұл халықаралық маңызы бар құжат бойынша, мәдени құндылықтар ретінде шыққан жері мен иесіне қатыссыз: «а) әрбір халықтың мәдени мұрасы үшін өте маңызды болып табылатын архитектуралық, өнер немесе тарихи ескерткіштер секілді жылжитын немесе жылжымайтын құндылықтар, тарихи немесе көркемдік маңызы бар діни немесе зайырлы, археологиялық орындар, архитектуралық ансамбльдер, өнер туындылары, қолжазбалар, кітаптар, басқа да көркемөнер, тарихи немесе археологиялық маңызы бар заттар, сонымен бірге ғылыми топтамалар (коллекциялар) немесе маңызды кітаптардың, мұрағат материалдарының немесе жоғарыда аталған құндылықтар репродукцияларының топтамаларын; ә) жоғарыда аталған жылжымалы мәдени құндылықтарды сақтауға немесе қоюға, көрсетуге арналған мұражай, ірі кітапханалар, мұрағаттардың сақтау орындары (хранилище) секілді ғимараттар, сонымен бірге, қарулы қақтығыстар болған жағдайда жоғарыда аталған мәдени құндылықтарды сақтауға арналған орындарды жоғарыдағы екі пунктте аталған мәдени құндылықтардың үлкен бөлігі шоғырланған орталықтар, басқаша айтқанда «мәдени құндылықтар жинақталған орталықтар» қарастырылады» (Свод нормативных актов ЮНЕСКО: 1991, 65)

Гаага конвенциясындағы мәдени құндылықтардың сипаттамасы қазіргі дейінгі көптеген мемлекеттер мойындаған толық анықтама болып табылады. Алайда бұны мәдени құндылықтардың тізімі десек дұрыс болмақ. Дегенмен, мәдени құндылықтардың бәріне ортақ өнегелік, өмірмәндік сипатының маңыздылығы оларды басқа қырынан тереңірек қарастыруды қажет етеді. Уақыт өте келе халықаралық құқыққа «мәдени мұра» ұғымы да енгізілді. Мәдени мұра дегеніміз – кез келген ұлттың, халықтың өткен ұрпақтары қалыптастырған,

уақыт сынағынан өткен және келер ұрпақ қандай да бір құнды да қастерлі дүние деп қабылдайтын материалды және рухани мәдениеттің ауқымды бір бөлігі.

Мұра – бұл сәулеттік, тарихи және ұлттық құндылықтарға тән ұрпақтан ұрпаққа берілетін мәдени дәстүр мен бағалы мәдени ғимарат. Осыдан ұлттың мәдени-тарихи ресурстарын қорғау мен сақтауда қазіргі адамдарды не мәжбүрлейді деген? – заңды сұрақ туындайды. Сыни тұрғыдағы сұраққа жауап ретінде төмендегі көрсетілген мәдени құндылықтарды не үшін қорғаймыз деген жауап беріледі.

- Мәдени құндылығы бағаланбайды.
- Ұлттық бірегейлікті сақтауға әлеуетті.
- Келесі ұрпаққа бұл құндылықтарды сақтау мен жеткізуде маңызды.

Халықтың мәдени мұрасын сақтауда мен ұлт тілінің сөздігі маңызды рөл атқарады (Facchinetti: 2012, 132).

Флоренцияда «мәдени мұраның ағылшын тілінің лексикографиясында бай тарихи дәстүрлерге ие мәдени мұраның сөздіктерінен туристерге арналған энциклопедиялық сөздіктің жаңа түрін құру идеясы туындады. Ғасырлар тереңдігінен шыққан ағылшын ұлттық лексикографиясы өзінің басынан бастап мәдени мұраның лексикографиясы болды, өйткені ол күрделі сөздердің сөздіктерінен және латын тілінен түсініксіз сөздерден басталды, ал кейінірек – Шаукердің, Шекспирдің және басқа да көрнекті ағылшын жазушыларының тілінің аудармасымен айналысты. Мәдени мұра сөздіктері олардың ерекшеліктері ескеріліп, олар жолнұсқаушылар мен туристерге арналып жасалынды.

Кітаптың, қолжазбалық деректер мен сөздіктердің рөлі әрқашан лексикографтарға ұлттың мәдени мұрасын, ұлттық тілдердің лингвистикалық және энциклопедиялық сөздіктерін көрсететін фактілерді енгізуге талпындырды. Уақыт өте келе, сөздік ежелгі және қазіргі заманғы тілдер арасында этимология мен сөздік тарих арқылы, сөздік мақалаларға енгізілген экстралингвистикалық ақпарат, ұлттың мәдениеті мен өзіндік ерекшелігін сақтауға және түсіндіруге ықпал ететін көпір түріне айналды.

Ортағасырлар тәжірибесінен жинақталып келген батысеуропалық лексикографиядан құрылған бай дәстүрлер – тарихи принциптерге негізделген алғашқы еуропалық тілдер сөздігін құруға алып келді (Macleod: 2012, 121).

Сол уақыттағы лексикографтар өздерінің сөздіктерінде ағылшын тілі мен мәдениетін

жақсы меңгеріп, лингвистикалық және экстралингвистикалық материалдардың табысты тіркесін көрсетті. Алғашқы түсіндірме сөздіктердің құрастырушылары сөздерді ғана емес, сондай-ақ халықтың мәдени дәстүрлерін де көрсетіп, өздерінің атауларын, дәйексөздерін, түсіндірме және энциклопедиялық анықтамаларын және корпуста басқа да ақпаратты енгізді.

Ағылшын ұлттық лексикографиясын қалыптастыру және дамыту кезінде мәдениеттанулық түсінік арнайы белгілер немесе қосымшалар арқылы берілген лингвистикалық және энциклопедиялық материалдардағы сөздік мақалалар мазмұны жүйелі қажеттілігі көрінді (Mooijjaart: 2008, 187).

Ағылшынды лексикографтардың өз анықтамаларындағы елдің мәдени мұрасын көрсетуге деген ұмтылысына қарамастан, ешбір сөздік «heritage dictionary» атауын ала алмады. Біздің заманымызда американдық мәдениетке қатысты әдеттегі сөздер, антропонимдер және топонимдер жазылып, өңделген «American heritage dictionary» атауымен ғана ағылшын тілді лексикография болды. Осылайша, бірінші басылымға жүз кәсіпқой жазушы мен редактордың есімдері кіреді: Isaac Asimov, William F. Buckley Jr., John Ciardi, Malcolm Cowley, Langston Hughes, Валлаке Stegner, Pauline Kael, Margaret Mead, Marianne Moore, Katherine Anne Porter, Gloria Steinem (American Heritage Dictionary of the English Language).

American Heritage Dictionary (2011) бесінші басылымында АҚШ-тың мәдени өмірінде айрықша рөл атқарған ғалымдар, сенаторлар, лингвистер және басқа да көрнекті тұлғалар: Margaret Atwood, Harold Bloom, Roy Blount Jr., Юнонь Diaz, Joan Didion, Rita Dove, Frances FitzGerald, Jonathan Franzen, Henry Louis Gates Jr., Oscar Hijuelos, Jamaica Kincaid, Maxine Hong Kingston, Цынтхиа Ozick, Ann Patchett, John Sayles, David Sedaris, William, T. Vollmann және т.б. кірді (American Heritage Dictionary of the English Language. 5th ed).

Америкалық лексикографияны қалыптастыруға көп ықпал еткен ағылшын ұлттық лексикографиясына қайтып оралсақ, біз сөздіктерде мәдени мұраға байланысты өздерінің атауларын тіркеудің үш тәсілі бар екендігін атап өтеміз:

- сөздіктерде өзінің атын тіркеу;
- жалпы мақсаттағы сөздіктердегі қосымшаларда тиісті аттарды енгізу;
- арнайы сөздіктерді құру – ономастикалық тиісті атауды тіркеу және өңдеу.

Мәдени мұра үшін Dictionaries of Characters and Place Names арнайы жазушы сөздігінде өз атыңызды көрсетудің жолы «Florence in the Works of World Famous People» сөздік жобасының жаңа түрін жасаудың негізі мен үлгісі болды (Карпова: 2013, 83).

Жоспарланған анықтамалық ассоциативті типтегі (Heritage Encyclopedic Dictionary of Associative) мәдени мұраның энциклопедиялық сөздігі ретінде анықталды (Карпова: 2013, 67).

Қорытынды

Мақалада мәдениет, мәдени мұра, рухани құндылық, ұлттық бірегейлік, идея, құндылық, тіл, дәстүр, сабақтастық, сана, мінез ұғымдарына ғалымдардың көзқарастарымен талдау жасалынып, теориялық тұрғыда мәдени мұраның құрылымы ретінде сипаттама беріледі. Мәдениеттанулық және антропологиялық көзқарастар арқылы кешенді зерттеудің теориялық-әдіснамалық алғышарттары ғылымның гуманитарлық саласын зерттейтін түрлі ғалымдардың шығармашылық еңбектері ескерілді. Нәтижесінде қазіргі кезеңде белгілі бір мәдени мұраның негізінде қалыптасқан мәдени құндылықтар белгілі бір уақыт аралығынан соң келесі ұрпақтың мәдени мұрасының бөлігіне айналуы хақ. Қоғам даму үрдісінде қазіргі тарихи тірлік жағдайына сай, дінде, философияда өнерде жаңа эталондық үлгілер жасап, оларды жүзеге асырады және жаңа ұрпақ оны әрқашан жанартылған түрде таратады – деген тұжырым жасауға болады.

Мақалада теориялық-әдіснамалық көзқарас ретінде мәдениет және мәдени мұраның мәселесі дамуына еңбектер жазған Платон, А. Августин, Ф. Аквинский, Д. Скот, Р. Бэкон, Ж. Руссо, И. Кант, Г. Гегель, И. Гердер, В. Белинский, П. Милуков, Ю. Веденин, В. Тойдис, П. Флоренский, К. Хоруженко, Э. Баллер, Ф. Соссюр, Ю. Лотман, отандық ғалымдар Б. Нұржанов, Т. Ғабитов, Г. Исаенко, Б. Аяған, Б. Қайымова, С. Қалиев, А. Айталы және көптеген шетелдік ғалымдардың зерттемелеріндегі негізгі тұжырымдар, ой-пікірлер алынды. Зерттеу барысында шетелдік мәдени мұраның қалыптасуында Facchinetti, Macleod, Mooijjaart т.б. ғалымдардың еңбектерінде айтылған тұжырымды пікірлері де басты назарда болды. Ойларын қорыта келгенде мәдениет қоғамның тұтастығының, сабақтастығының да көрінісі болып табылады. Әрбір ұрпақ алдыңғы буынның өткен өмірінен адамзаттың дамуының үздіксіз болуын,

тұтастығын қамтамасыз ететін негіз алады. Ол алдыңғы буыннан белгілі бір мәдени дәстүрді мұра етіп алумен байланысты, яғни мәдениет адамзат дамуындағы сабақтастықты жүзеге асырушы байланыс қана емес, дамудың үздіксіз болу, тұтастықтың сақталу мүмкіндігі артады.

Салыстырмалы талдау нәтижесінде антикалық кезең, ортағасырлық кезең, «қайта жаңғыру» (Ренессанс) кезеңіне, неміс классикалық философиясына, орыс философиясы мен қазақ мәдениеті ойшылдарының мәдени мұраның құрылымы, қалыптасу кезеңдері мен даму тарихынан салыстырмалы талдау жасалынды. Сондай-ақ, алғашқы халықаралық деңгейде маңызы бар құжат мәдени құндылықтарды қорғау туралы Гаага конвенциясы, «мәдени мұраның ағылшын тілінің лексикографиясында бай тарихи дәстүрлерге ие сөздіктеріне талдау жасалынды. Талдау жасай келе мәдениет пен қоғамның дамуы өткеннен бүгінге, бүгіннен болашаққа бағытталғанын білуге болады. Тиісінше, әлеуметте әрдайым қазіргі тәжірибенің түпнегізі болып табылатын дәстүрлер, өз кезегінде келешек ұрпақтардың санасына айналады. Бұл мағынадағы дәстүрдің жаңаруы – заңды, орынды және құтылмас үдеріс. Мәдени мұраны таралуында басымдық мәнге сабақтастық қасиетке ие.

Лексико-семантикалық талдау барысында мәдени мұраның құрылымы тіл деген ұғымға талдау беріледі, Ф. Соссюр және Ю.

Лотман еңбектеріне және отандық ғалым Б. Нұржановтың еңбегіне талдау жасалынады. Тілді семиологиялық жүйелердің жиынтығынан айыру үшін ғана қызмет атқарады. Осының арқасында тек лингвистика мәселелері ғана шешімін таппайды, біздіңше, салт-дәстүр, әдет-ғұрып және т.б. таңбалар ретінде қарастырған кезде, бұл құбылыстардың жаңа қасиеттері айқындалады, сондықтан олардың бәрін семиология аясында біріктіру және осы ғылымның заңдары арқылы түсіндіру қажеттілігі туындайды – дегенді алға тартады, ал Ю. Лотманның айтуынша бұл жағдайда тек тіл ғана мәтінді тудырмайды, оған сондай-ақ, тілдік байланыс бойынша креативті мүмкіндікке ие, оның қарсылығына дайын әркелкі тілдер де кіреді.

Тарихи және логикалық принциптер негізінде мәдени мұра мәселесі барысында тарихи-мәдени көзқарастарды атадық. Тарихи-мәдени көзқарасқа сәйкес, мәдени мұра тұжырымдамасын мәдениет түсінігінің қалыптастыру тарихымен тығыз байланыста қарастырылды. Мәселені тарихи-мәдени дәстүр өкілдері тұрғысынан қарастырдық. Мәдениет және мәдени мұра түсінігі және ол туралы түсініктер әр түрлі антикалық мектептер мен Батыстық орта ғасыр кезеңдерінде «мәдениет» түсінігіне тарихи талдау жасалынып, осы нәтижесінде мәдениеттің даму үрдісінде зерттеудің негізгі нысаны болып табылатын мәдени мұра қалыптасты.

Әдебиеттер

- Аяған Б. (бас ред.) (2006) Қазақстан [Мәтін] : ұлттық энциклопедия. Алматы, б. 704.
- Августин А. (2000) О граде Божьем. - Мн.: Харвест, М., с. 1296.
- Артемяева С.И. (1997) Интеллигенция и традиция (по поводу статьи П.Н. Милокова «Интеллигенция и историческая традиция» // Историческая традиция. Бийск, с. 132.
- Айталы А. (2003). Ұлттану. Алматы, б. 226 .
- Апполонов А. В. (1999) Скот И.Д. О естественном знании Бога // «Z» (Журнал философского факультета МГУ). № 1, с. 48-51.
- Баллер Э.А. (1969) Социалистический прогресс и культурное наследие. М., с. 294 .
- Белинский В.Г. (1977) Избранные сочинения. М., б. 479.
- Веденин Ю.А. (1997) Современные проблемы сохранения наследие // Культурное и природное наследие в региональной политике: Тезисы докладов республиканской научно-практической конференции. - Ставрополь: СГУ, с. 259.
- Ғабитов Т.Х. (2009) Культурное наследие как теоретическая проблема // Материалы международной научно-практической конференции: вклад ученых КазНУ им. Аль-Фараби в реализации программы «Культурное наследие», Алматы, б. 205.
- Гердер И.Г. (1977) Идеи к философии истории человечества, М., с. 703.
- Гегель Г.В. (1974) Сочинения: В 2-х т. Т. 1. М., с. 687 .
- Гегель Г.В. (1993) Лекции по истории философии. М., с. 350.
- Драч Г.В. (2002) Культурология в вопросах и ответах. Ростов-на-Дону, с. 480.
- Дьячков А.Н. (1990) Охрана памятников за рубежом (некоторые теоретические аспекты) // Памятники в контексте историко-культурной среды. М., с. 470.
- Жан- Жак Руссо (1969). Трактаты. М., с. 710.
- Исаенко А.В. (ред.) (1993). Кавказ и цивилизации Востока в древности и средневековье. Владикавказ, с. 212.

- Йегер В. (1997). Пайдейя. Т. 2. Перевод с немецкого М. Н. Ботвинника «Греко-латинский кабинет» Ю.А. Шичалина, М., с. 608.
- Кант И. (1994) Собрание сочинений в восьми томах. Том 8. Под общей редакцией А.В. Гулыги. М., с. 544.
- Карпова О. М., (2014). Вестник ВГУ. Серия: лингвистика и межкультурная коммуникация. № 1 151
- Қалиев С., Оразбаев М., Смайлұлова М. (1994) «Қазақ халқының салт-дәстүрлері», Алматы. б. 250.
- Қайымова Б. С.(ред.) (1976) Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. Алматы, б. 695.
- Лотман Ю. (2015) В школе поэтического слова: Пушкин, Лермонтов, Gogol' [In the school of the poetic word: Pushkin, Lermontov, Gogol]. St. Petersburg: Azbuka, p. 411.
- Лотман Ю.М. (2015) В школе поэтического слова: Пушкин, Лермонтов, Гоголь. СПб. : Azbuka, с. 416.
- Литвинова Е., Бэкон Ф. (1891) Его жизнь, научные труды и общественная деятельность. СПб, б. 411.
- Нуржанов Б.Г. (1994) Культурология: курс лекций. Алматы: Университет «Кайнар», с. 128.
- Платон. (1999) Собрание сочинений: В 4-х т. Т. 3. М. с. 554.
- Полякова М.А. (1997) Международно-правовые аспекты охраны культурного наследия (документы, библиография) // Под ред. С.И. Сотниковой, И.М. Вандулакиса. Афины, с. 215.
- Свод нормативных актов ЮНЕСКО. (1991) М., с. 258.
- Смирнова Е.И. (2009) Оружейная палата // Большая российская энциклопедия музеев, частных собраний и коллекций. М., с. 312.
- Соссюр Ф. де. (1977) Труды по языкознанию / Пер. с франц. яз. под ред. А. А. Холодовича; Ред. М. А. Оборина; Предисл. проф. Н. С. Чомоданова. М.: Прогресс, с. 696.
- Тойдис В. (2006) «Лекции по культурологии». М., с. 247.
- Флоренский П. А.(1990) Столп и утверждение истины. М., с. 490.
- Хоруженко К.М. (1997) Культурология: Энциклопедический словарь. Ростов на-Дону, с. 640.
- American Heritage Dictionary of the English Language. (1961) 1st ed. Springfield : G. and C. Merriam Company
- American Heritage Dictionary of the English Language. (2011) 5th ed. Boston : Houghton Mifflin Harcourt Trade Facchinetti R. (2012) (Ed.). English Dictionaries as Cultural Mines. Cambridge : Cambridge Scholars Publishing, p. 264.
- Карпова О. М. (2013) A New Type of Cultural Dictionary // О. М. Karpova // Multidisciplinary Lexicography: Traditions and Challenges of the XX st Century / ed. by O. Karpova and F. Kartashkova. Cambridge : Cambridge Scholars Publishin, p. 256–267.
- Карпова О. М. (2013) Dictionaries as Treasure Trove of National Heritage and Culture (with Special Reference to the Dictionary Project «Florence in the Works of World Famous People») / О. М. Karpova // Life beyond Dictionaries материалы юбилейной X Междунар. школы-семинара (Иваново-Флоренция, 12–14 сентября 2013 г.). Иваново : Изд-во Иван. гос. ун-та, с. 263–267.
- Macleod I. (2012) (Eds.). Scotland in Definition. A History of Scottish Dictionaries / I. Macleod, J. J. D. Derrick McClure. Edinburgh : Birlinn Ltd., p. 342.
- Mooijaart M. Yesterday's Words : Contemporary, Current and Future Lexicography / M. Mooijaart, Van der Wal M. – Cambridge : Cambridge Scholars Publishing, 2008, p. 376.

References

- American Heritage Dictionary of the English Language. (1961) 1st ed. Springfield : G. and C. Merriam Company.
- American Heritage Dictionary of the English Language. (2011) 5th ed. Boston : Houghton Mifflin Harcourt Trade.
- Appolonov A. V., Skot. I. D. (1999) O yestestvennom znanii Boga [About the natural knowledge of God] // «Z» (Zhurnal filosofskogo fakul'teta MGU), № 1, p.48-51.
- Ayağan B. (bas red.) (2006) Qazaqstan:Ul'tıq énciklopediya [Qazaqstan: the national encyclopedia] , Almaty, p. 704.
- Avgustin A. (2000) O grade Bozhyem [About the City of God] , Mn.: Kharvest, M., p. 1296 .
- Artemyeva S.I.(1997) Intelligentsiya i traditsiya. [Intelligentsia and tradition], Biysk, p. 132.
- Aitaly A. (2003) Ul'ttanu [Cleavage] , Almaty, p. 226.
- Baller E.A. (1969) Sotsialisticheskiy progress i kulturnoye naslediyе [Socialist progress and cultural heritage], M., p. 294.
- Belinskiy V.G. (1977) Izbrannyye sochineniya [Selected works] , M. , p. 479.
- Drach G.V. (2002) Kul'turologiya v voprosakh i otvetakh [Culturology in questions and answers] , Rostov-na-Donu, p. 480.
- D'yachkov A.N. (1990) Okhrana pamyatnikov za rubezhom [Protection of monuments abroad] (nekotoryye teoreticheskiye aspekty) // Pamyatniki v kontekste istoriko-kul'turnoy sredy. M. , p. 470.
- Facchinetti R. (2012) (Ed.). English Dictionaries as Cultural Mines. Cambridge : Cambridge Scholars Publishing, p. 264.
- Florenskiy P. A. (1990) Stolp i utverzhdeniye istiny [Pillar and affirmation of truth], M., p. 490.
- Ğabitov T.KH. (2009) Kul'turnoye naslediyе kak teoreticheskaya problema // Materialy mezhdunarodnoy nauchno-prakticheskoy konferentsii: vklad uchenykh KazNU im. Al'-Farabi v realizatsii programmy «Kul'turnoye naslediyе» [Cultural heritage as a theoretical problem // Materials of the international scientific-practical conference: the contribution of scientists of the KazNU. Al-Farabi in the implementation of the program “Cultural Heritage”] , Almaty, p. 205.
- Gerder I.G. (1977) Idei k filosofii istorii chelovechestva [Ideas to the philosophy of the history of mankind], M. , p. 703.
- Gegel' G.V. (1974) Sochineniya [Compositions] V 2-kh t. T. I. M. , p. 687.
- Gegel' G.V. (1993) Lektzii po istorii filosofii [Lectures on the history of philosophy], p. 350.
- Isayenko A.V. (red.) (1993) Kavkaz i tsivilizatsii Vostoka v drevnosti i srednevekov'ye Vladikavkaz [Caucasus and the civilizations of the East in antiquity and the Middle Ages]. Vladikavkaz, p. 212.

- Kant I. (1994). *Sobraniye sochineniy v vos'mi tomakh* [Collected Works in eight volumes] Tom 8 Pod obshchey redaktsiyey A.V. Gulygi. M., p. 544.
- Karpova O. M. (2013). A New Type of Cultural Dictionary // O. M. Karpova // *Multidisciplinary Lexicography : Traditions and Challenges of the XX st Century* / ed. by O. Karpova and F. Kartashkova. Cambridge : Cambridge Scholars Publishing, p. 256–267.
- Karpova O. M. (2013) *Dictionaries as Treasure Trove of National Heritage and Culture (with Special Reference to the Dictionary Project «Florence in the Works of World Famous People»)* / O. M. Karpova // *Life beyond Dictionaries: материалы юбилейной X Междунар. школы-семинара (Иваново-Флоренция, 12–14 сентября 2013 г.)*, p. 263–267.
- Karpova O.M., (2014). *Vestnik VGU. Seriya: lingvistika i mezhkul'turnaya kommunikatsiya* [Linguistics and Intercultural Communication]. № 1 151.
- Khoruzhenko K.M. (1997) *Kul'turologiya: entsiklopedicheskiy slovar'* [Culturology: Encyclopedic Dictionary]. - Rostov on-Donu, p. 640.
- Lotman, Yu.M. (2015) *V shkole poeticheskogo slova: Pushkin, Lermontov, Gogol* [In the school of the poetic word: Pushkin, Lermontov, Gogol]. St. Petersburg: Azbuka, p. 416.
- Litvinova Ye. F. Bekon F. (1891) *Yego zhizn', nauchnyye trudy i obshchestvennaya deyatel'nost* [His life, scientific works and social activities] SPb., Иваново : Изд-во Иван. гос. ун-та, p. 263–267.
- Macleod I. (2012) (Eds.). *Scotland in Definition. A History of Scottish Dictionaries* / I. Macleod, J. J. D. Derrick McClure. – Edinburgh : Birlinn Ltd., p. 342.
- Mooijaart M. (2008). *Yesterday's Words : Contemporary, Current and Future Lexicography* / M. Mooijaart, Van der Wal M. – Cambridge : Cambridge Scholars Publishing, p. 376.
- Nurzhanov B.G. (1994). *Kul'turologiya: kurs lektsiy* [Culturology: a course of lectures], Almaty: Universitet «Kaynar», p. 128.
- Platon. (1999) *Sobraniye sochineniy* [Collected Works] V 4-kh t. T. 3. M., p. 554.
- Polyakova M.A. (1997). *Mezhdunarodno-pravovyye aspekty okhrany kul'turnogo naslediya* [International legal aspects of cultural heritage protection] (dokumenty, bibliografiya) // Pod red. S.I. Sotnikovoy, I.M. Vandulakisa. Afiny p. 215.
- Qaliev S., Orazbaev M., Smaylova M. (1994). «Qazaq xalqınıñ salt-dästürleri» [“Traditions and customs of the Kazakh people] Almaty, p. 250.
- Qayimova B. S.(red.) (1976). *Qazaq tiliniñ túsindirme sözdigi* [Explanatory dictionary of the Kazakh language] – Almaty, p. 695.
- Sossyur F. de. (1977) *Trudy po yazykoznaniyu* [Works on linguistics] / Per. s frants. yaz. pod red. A. A. Kholodovicha; Red. M.A. Oborina; Predisl. prof. N. S. Chemodanova. M.: Progress, p. 696.
- Svod normativnykh aktov YUNESKO. (1991) M., p. 258.
- Smirnova Ye.I. (2009). *Oruzheynaya palata* [The Armory Chamber] // *Bol'shaya rossiyskaya entsiklopediya muzeyev, chastnykh sobraniy i kollektsiy*. M., p. 312.
- Toydis V. (2006). «Lektsii po kul'turologii» [Lectures on Culturology] M., p. 247.
- Vedenin YU.A. (1997). *Sovremennyye problemy sokhraneniya naslediye* // *Kul'turnoye i prirodnoye naslediye v regional'noy politike: Tezisy dokladov respublikanskoy nauchno-prakticheskoy konferentsii* [Modern Problems of Preservation of Heritage // Cultural and Natural Heritage in Regional Politics: Abstracts of the Republican Scientific and Practical Conference] Stavropol', p. 259.
- Yyeger V. (1997). *Paydeyya* [Paideia] T. 2. *Perevod s nemetskogo M. N. Botvinnika «Greko-latinskiy kabinet» YU. A. Shichalina*. M., p. 608.
- Zhan- Zhak Russo (1969). *Traktaty* [Tracts] M., p. 710.